ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өртке қарсы бөгеттер ойықтарын толтыру

КАБЕЛЬ ЖОЛДАРЫ МЕН ШИНАСЫМ ЖОЛДАРЫ
Отқа төзімділігін сынау әдістері

Заполнение проемов противопожарных преград

ПРОХОДКИ КАБЕЛЬНЫЕ И ПРОХОДЫ ШИНОПРОВОДОВ
Методы испытаний на огнестойкость

ҚР СТ 3017-2017

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өртке қарсы бөгеттер ойықтарын толтыру

КАБЕЛЬ ЖОЛДАРЫ МЕН ШИНАСЫМ ЖОЛДАРЫ

Отқа төзімділігін сынау әдістері

ҚР СТ 3017-2017

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы **ӘЗІРЛЕП**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 1 қарашасындағы 2017 жылғы № 297-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3 Ресей Федерациясының ГОСТ Р 53310–2009 «Кабель жолдары, герметикалық кірістер мен шинасым жолдары. Өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар. Отқа төзімділігін сынау әдісі» ұлттық стандартын ескере отырып әзірленген

4 Осы стандартта 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы», 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V «Азаматтық қорғаныс туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының, 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы» кеден одағының техникалық регламенті, «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенттерінің нормалары жүзеге асырылды

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2022 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

«Осы стандартқа енгізілген өзгертулер туралы ақпарат жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесінде, ал өзгертулер мен түзетулер мәтіні – ай сайын басылып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда тиісті хабарлама ай сайын басылып шығарылатын «Ұлтық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өртке қарсы бөгеттер ойықтарын толтыру

КАБЕЛЬ ЖОЛДАРЫ МЕН ШИНАСЫМ ЖОЛДАРЫ

Отқа төзімділігін сынау әдістері

Енгізілген күні 2019-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ғимараттардың (құрылыстардың) өртке қарсы бөгеттері арқылы тарату жолдары мен электр энергиясының таратылатын жерлерінде ойықтарды толтыруға (бітеуге) арналған кабель жолдары мен шинасым жолдарына таралады және отқа төзімділікке сынау әдістерін белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.4–2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарын тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.12–2013 Қазақстан Республикасының калибрлеу жүйесі. Өлшем құралдарын калибрлеу. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21–2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарының тұрпатын бекіту және сынақтарды жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.30–2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75–2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026–2002 Сигнал түстері, қауіпсіздік белгілері мен сигнал белгісі. Жалпы техникалық шарттар мен қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1088–2003 Өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1295–2004 Электр қауіпсіздігі. Өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық ғимараттардың электр қондырғылары. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ МЭК 60332-3-23–2010 Жалын әсері жағдайларында электрлік және талшықты-оптикалық кабельдерді сынау. 3-23-бөлімі. Жалынның тік таралуына тік жағдайда шоғырланып қойылған сымдарды немесе кабельдерді сынау. В санаты.

ГОСТ 12.0.004–90 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Еңбек қауіпсіздігін оқыту жүйесі. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.0.230–2007 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Еңбек қорғанысын басқару жүйесіі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.004–91 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.2.003–91 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Өндірістік жабдығы. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 1508–78 Резеңке және пластмасса оқшаулауы мен бақылау кабельдері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6616–94 Термоэлектрлік қайта құрғыштар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 7502–98 Өлшегіш металл рулеткалар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 15845–80 Кабельдік бұйымдар. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 16442–80 Пластмасса оқшаулауы бар күш кабельдері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 18410–73 Сіңірілген қағаз оқшаулауы бар күш кабельдері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 24104–2001 Зертханалық таразылар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 30247.0–94 Құрылыс құрылымдары. Отқа төзімділікке сынау. Жалпы талаптар.

ГОСТ 30331.1–2013 Төмен вольтті электр қондырғылар. 1-бөлім. Негізгі ережелер, жалпы сипаттамаларды бағалау, терминдер мен анықтамалар.

Ескертпе - Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтеме және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алуға тиіс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1088 және ГОСТ 15845 белгіленген терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Кабельге арналған рұқсат етілетін ұзақ ток**: Кабель өткізгіш ұзақ режимде рұқсат етілетін мәнге дейін оның температурасын асырмай жүргізетін қабілеті бар электр тогының барынша көп мәні.

Ескертпе – ГОСТ 30331.1-2013 алынған.

3.2 **Жүктеменің рұқсат етілетін ұзақ тогын төмендету коэффициенті**: Кабель жолында болатын және осы кабельдің рұқсат етілетін ұзақ тогының шамасына рұқсат етілетін мәнге дейін тарамның қызуын қамтамасыз ететін кабель жүктемесі тогы шамасының ара қатынасы.

3.3 **Отқа төзімділігі бойынша құрылымның шекті жай-күйі**: Өзінің өртке қарсы қызметінің бірін сақтау қабілетін жоғалтатын құрылымның жай-күйі.

3.4 **Өртке қарсы бөгет**: Отқа төзімділіктің нормаланған шегімен және конструктивті өрт қауіптілігінің нормаланған класымен құрылыс құрылымы, ғимараттың (құрылыстың) бір бөлігінен басқасына немесе ғимараттар (құрылыстар) арасында өрт таралуын болдырмауға арналған ғимараттың көлемдік элементі немесе басқа тәсілі.

3.5 **Кабель жолдары**: Өртке қарсы бөгеттер арқылы электрлік кабель желілері өтетін жерлерде ойықтарды толтыруға арналған және нормаланған уақыт ішінде жанасатын ғимараттар (құрылыстар) жайларына өрт таралуға кедергі болатын құрылымдық элемент, бұйым немесе құрастырмалы құрылым.

Ескертпе – Кабель жолдары электр кабельдерін, кіргізетін бөлшектерді (қораптар, науалар немесе құбырлар), бітеу материалын, сондай-ақ құрастырмалы немесе конструктивті элементтерді қамтиды.

3.6 **Шинасым жолдары**: Өртке қарсы бөгеттер арқылы шинасым өтетін жерлерде ойықтарды толтыруға арналған және нормаланған уақыт ішінде жанасатын ғимараттар (құлыстар) жайларына өрт таралуға кедергі болатын құрылымдық элемент, бұйым немесе құрастырмалы құрылым.

Ескертпе – Шинасым жолдары шинасымды, бітеу материалын, сондай-ақ құрастырмалы немесе конструктивті материалдарды қамтиды.

3.7 **Шинасым**: Оқшауланған немесе оқшауланбаған өткізгіштерден (шиналар) және оларға жататын оқшаулағыштардан, қорғайтын қабықшалардан, тармақтау құрылғыларынан, ұстайтын және тірек құрылымдарынан тұратын электр энергиясын беруге және таратуға арналған, кернеуі 1 кВ дейін қатты ток өткізгіш.

4. Сынақтар әдістері

4.1 Отқа төзімділікке кабель жолдарын сынау әдісі

4.1.1 *Сынақтар әдісінің мәні*

Сынақтар әдісінің мәні кабель жолының үлгісіне стандартты температуралық режимі бойынша бір жақты жылу әсерінен 4.1.2 сәйкес отқа төзімділік бойынша шекті мәндердің бірі басталуына дейінгі уақытты анықтаудан тұрады.

4.1.2 Шекті мәндер

Отқа төзімділікке кабель жолдарын сынау кезінде мынадай шекті мәндер ерекшеленеді:

а) бітеу материалының жылытылмайтын бетінде 140 °С артық температура көтерілу салдарынан жылу оқшаулағыш қабілетін жоғалту (I);

б) бітеу материалының құрылымында жылытылмайтын бетіне жану өнімдері мен жалын өтуі арқылы толассыз жарықтар мен тесіктер пайда болуы нәтижесінде бітеу материалының тұтастығын жоғалту (E);

в) жылытылмайтын аумақта кабель жолы элементтерінің материалы сындарлы температураға жету (T)

1) кабель қабықшасы материалы үшін:

- поливинилхлоридтен жасалған - 145 °С;
- резеңкеден жасалған - 120 °С;
- полиэтиленнен жасалған - 110 °С құрайды;

2) металдан жасалған конструктивті элементтер материалы үшін (қораптар, науалар немесе құбырлар - 180 °С.

4.1.3 Сынақтарды жүргізу шарттары

Егер дайындаушының (жеткізушінің) нормативтік техникалық құжаттамасында сынақтарды жүргізудің басқа шарттары белгіленбесе, сынақтар 5 °С тан 40 °С дейін қоршаған орта температурасында жүргізілуге тиіс.

4.1.4 Сынақ жабдығы және өлшеулер құралдары

4.1.4.1 Сынақтарды жүргізу үшін:

а) ГОСТ 30247.0 талаптарына сәйкес сынақ қондырғысы (пеші);

б) пештің от камерасында артық қысымды қамтамасыз ететін реттегіш құрылғысы бар түтін арнасының жүйесі;

в) пештегі сынақ үлгісін қондыруға арналған монтажды құрылғы қолданылады;

Ескертпе – Монтажды қондырғыда толтыру материалы және ойық өлшемдері (ойықтар – бірнеше үлгілерді қою жағдайында) нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес үлгі (үлгілер) қондырғысын қамтамасыз етуге тиіс.

г) ГОСТ 30247.0 талаптарына сәйкес температураны өлшеу және тіркеу жүйесі;

д) термоэлектрлік қайта құрғыштар ГОСТ 6616 бойынша:

- 0 °С тан 1300 °С дейін ауқымда, өлшеу қателігі ± 15°С температураны өлшеу үшін ГОСТ 30247.0 бойынша ыстық дәнекерлеу орналасқан үштен кем емес мөлшерде 3,0 мм артық емес электродтар диаметрімен;

- 0 ден 300°С дейін ауқымда, өлшеу қателігі ± 3°С үлгінің жылытылмайтын бетінде температураны өлшеу үшін 0,5 тан 0,75 мм дейін электродтар диаметрімен;

е) 0,1дейін өлшеу қателігімен және шекті салыстырмалы ылғалдығы ± 3 % артық емес секундомер;

ж) дәлдіктің екінші класты зертханалық таразылары ГОСТ 24104 бойынша;

к) өлшегіш металл рулетка ГОСТ 7502 бойынша;

л) тампоны бар металл рамка ГОСТ 30247.0 бойынша.

4.1.4.2 Пешті калибрлеу ГОСТ 30247.0 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4.1.4.3 Сынақ кезінде қолданылатын өлшеу құралдарында ҚР СТ 2.21 сәйкес типті бекіту немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестаттауы туралы сертификаты болуы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі тізілімінде тіркелуі, ҚР СТ 2.4 сәйкес салыстырып тексерілуі, ҚР СТ 2.12 сәйкес калибрленуі және салыстырып тексеру (калибрлеу) және (немесе) салыстырып тексеру баспа таңбалары (калибрлеу белгілері) туралы қолданыстағы сертификаты (куәлігі) болуы керек.

Нормаланған сыртқы әсер ететін факторларды және (немесе) жүктемелерді қайталайтын сынақ жабдығы ҚР СТ 2.75 сәйкес аттестатталуы керек.

4.1.5 Температуралық режим және пештегі қысым

4.1.5.1 Кабель жолдарын отқа төзімділікке сынау кезінде пештегі температуралық режим ГОСТ 30247.0 талаптарына сәйкес болуы керек.

Пештегі температуралық режимді құрамдастырылған қыздырумен құруға болады: реттелетін газ жанарғысынан бөлінетін электркқыздырғыштардан және жылу бөлінуден сәулеленумен. Сыналатын үлгіге жанарғы жалынының тікелей әсері рұқсат етілмейді.

4.1.5.2 Кабельдердің құрамында жанғыш материалдар көлемі ҚР СТ МЭК 60332-3-23 бойынша кабель ұзындығының бір метріне 3,5 л асатын болса кабель жолдарын сынау кезінде пештегі термоэлектрлік қайта құрғыштарда тіркелген температураның өсуі сынақтың 10 мин кейінгі температура режимімен салыстырғанда 200 °С аспауы тиіс.

4.1.5.3 Сынақтарды жүргізу кезінде пештің іші мен сыртындағы қысымның құбылуы (12 ± 3) Па құруы керек.

4.1.6 Сынақтарға арналған үлгілер

4.1.6.1 Дайын өнім түрінде сынақтар үшін дайындаушымен (жеткізушімен) ұсынылатын кабель жолдары нормативтік техникалық құжаттамамен қоса жіберілуі, оның құрамына мыналар кіруі керек:

а) кабель жолдарын қабылдау актісі;

б) техникалық шарттар;

в) жалпы түрлі сызбалар;

г) қолданылатын материалдардың спецификациясы;

д) кабель жолдары құрамында күш кабельдері жүктемесінің рұқсат етілетін ұзақ тогын төмендету коэффициентін анықтау жөніндегі сынақтар актісі (хаттама).

Тікелей объектіде дайындалатын кабель жолдарының құрастырмалы құрылымы үшін сынаққа құрастырмалы құрылымға кіретін бітеу материалдары (оттан қорғайтын жамылғылар, тығыздағыштар және т.б.) жеткізіледі, сонымен нормативтік техникалық құжаттама актілерінен басқа үлгілерді жинау актілері және оларды дайындау және жинау үшін технологиялық жабдықтың сипаттамасы ұсынылады.

4.1.6.2 Кабель жолдарын бітеу материалдары үлгілерін сынау үшін мыналар қолданылады:

а) ААШв 3×120-10 маркалы күш кабелінің бір кесігі ГОСТ 18410 бойынша;

б) АВВГ 4×10-1 маркалы күш кабелінің бір кесігі ГОСТ 16442 бойынша;

в) АКВВГ 14×2,5 бақылау маркалы кабельдерінің оны алынған шоғыр ГОСТ 1508 бойынша.

4.1.6.3 Өлшемдері, бітеу материалының түрі, кабельдер маркалары және оларды төсеу тәсілдері анықталған нақты жоба бойынша дайындалған кабель жолдары үлгілеріне сынақ жүргізу үшін жобалық құжаттамада көзделген маркалы кабельдер қолданылады.

4.1.6.4 Кабель жолдары үлгілерінің өлшемдері пештің монтажды құрылғылары ойығының өлшемдерінен асқан жағдайда кабель жолдары құрылымының үзіндісі түрінде үлгілерді пайдалануға болады, сонымен үлгіде 400 × 400 мм кем емес өлшемдері және қалыңдығы нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес болуы керек.

4.1.6.5 Үлгінің екі жағынан кабельдер жолынан және кіргізетін бөлшектерден шығатын ұзындық 0,5 м кем емес болуы керек.

4.1.6.6 Кіргізетін бөлшектері жоқ кабель жолдарын сынау кезінде күш кабельдері арасындағы қашықтық олардың ішінен үлкенінің сыртқы диаметрінің жартысынан кем емес болуы керек. Күш кабельдерінен бақылауға дейінгі қашықтық 50 мм кем емес болуы керек.

4.1.6.7 Кабель жолдарын бітеу материалы жанғыш емес материалдан орындалуы керек.

4.1.6.8 Кабель жолдарының үлгілері кабельдерді қосымша жүргізу және (немесе) ауыстыру, сондай-ақ оларға техникалық қызмет көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

Сынақтарды жүргізу кезеңінде кабель жолдарында кабельді ауыстыруға болмайды.

4.1.6.9 Симметриялы бітемесі бар көлденең немесе тік типті кабель жолдары бір үлгіден сыналады.

Көлденең жағдайларда үлгілерді сынау нәтижелері тік және кері орналасқан кезінде сынақтар нәтижелеріне таралмайды.

Бітеу материалы бір жақтан орналасқан асимметриялы бітемесі бар кабель жолдары (кабель жолдарының қалыңдығы 0,5 тен 0,7 дейін шектерде) әр жақтан сыналады.

4.1.6.10 Әмбебап типті кабель жолдары тік және көлденең орналасқан жағдайларда екі үлгілерде сыналады.

4.1.7 Сынақтарға дайындық

4.1.7.1 Дайындалған үлгілер механикалық бұзықтар жоқтығына сыртқы қарау арқылы тексеріледі.

Сынау алдында тексерілген үлгілер 3 сағ кем емес (20 ± 5) °С температурада ұсталады.

4.1.7.2 Пеш құрылымындағы үлгілерді бекіту және тығыздау кабель жолының нормативтік техникалық құжаттамасына сәйкес орындалуы керек.

4.1.7.3 Кіргізетін бөлшектер (қораптар, науалар немесе құбырлар) бар кабель жолдарының үлгілерінде, термоэлектр қайта құрғыштарды бітеу материалының жылытылмайтын бетіне, сондай-ақ құбырлар, қораптар немесе науалар қабырғаларына бітеу материалынан (5 ± 1) мм орналастырылады.

4.1.7.4 Жылытылмайтын беті жағынан кабель жолдарының электр кабельдеріне термоэлектр қайта құрғыштар кабель қабықшасына (жалғыз, шоқ бетіне) бітеу материалынан (5 ± 1) мм қашықтықта қойылады.

4.1.7.5 Кабель жолының қыздырылмаған беті жағындағы бітеу материалына термоэлектрлік қайта қойғыштар бітеу материалының сыртқы бетіне бітеу материалы

периметрінің әрбір 500 мм бірден кем емес термоэлектрлік қайта құрғыштар қойылады, бірақ екіден кем емес.

Термоэлектрлік қайта құрғыштар бітеу алаңы бойынша біркелкі орналасуы керек..

4.1.7.6 Жанғыш материалдардың кабельдерінде бар көлем ҚР СТ МЭК 60332-3-23 талаптарына сәйкес анықталады.

4.1.7.7 Сынақтар басталғанға дейін 5 мин артық емес уақытта барлық термоэлектрлік қайта құрғыштар көрсеткіштері бойынша пештегі және кабель жолы үлгісіндегі температураның бастапқы мәндері тіркеледі.

4.1.8 Сынақтарды жүргізу

4.1.8.1 Сынақтар басы электр қыздырғыштар мен пештің газ жанарғысы қосылу сәтіне сәйкес.

4.1.8.2 Тұтастықты жоғалту ГОСТ 30247.0 бойынша тампон көмегімен анықталады.

Өлшемі ((100 × 100 × 20) ± 2) мм жиектемені салмағы 3 тен 4 г дейін тампонмен жалын мен жану өнімдері өтетін жерлерге жақындатылады, және 10 с ішінде үлгі бетінен (20 ± 5) мм қашықтықта ұсталады.

Сынақ басталғаннан бастап тампон жылтырап бықсу пайда болуға немесе тұтануға дейінгі уақыт тұтастықты жоғалту белгісі бойынша кабель жолының отқа төзімділігі шегі болып табылады.

Жылтырап бықсусыз немесе тұтанусыз тампонның күюі ескерілмейді.

Тампонды қайта пайдалануға болмайды.

4.1.8.3 Сынақтар процесінде:

а) пештегі температура, °С;

б) пештегі қысымның өзгеруі, Па тіркеледі;

Ескертпе – Бақылаудың әрбір нүктесінде температура мен қысымның өзгеруі 2 мин артық емес аралықта жүргізілуі керек.

в) үлгінің конструктивті элементтері (қораптар, науалар немесе құбырлар және т.б.) мен бітеу материалын қыздыру температурасы;

г) пайда болу уақыты, мин, және үлгіде толассыз тесіктердің (саңылаулардың) даму сипаты, олар арқылы жалын және (немесе) жанғыш газдар пештен үлгінің жылытылмайтын бөлігіне өтуі мүмкін;

д) мақта тампонның тұтану уақыты (жылтырап бықсу), мин.

4.1.8.4 Көлденең типті кабель жолдары үшін артық қысым пеш құрылымы биіктігінің үш ширек бөлігіне тең биіктікте өлшеніп бақыланады.

Тік типті кабель жолдары үшін қысым пеш құрылымының жылытылған бөлігінен (100 ± 10) мм қашықтықта өлшеніп бақыланады.

4.1.8.5 Сынақтар 4.1.2 бойынша шекті жағдай басталғанға дейін жүргізіледі.

4.1.8.6 Егер кабель жолының құрылымына берілген уақытта шекті жағдайға жетпесе, онда сынақты отқа төзімділігінің нақты шегін табуға дейін жалғастыруға болады.

4.1.8.7 Егер сынақтар нормаланған шекті жағдай басталғанға дейін аяқталса, онда аяқталу себебі сынақтар септемесінде көрсетілуге тиіс. Бұл жағдайда кабель жолының отқа төзімділігінің шамасы сынақтарды жүргізу уақыты болып табылады.

4.1.8.8 Егер қызмет көрсететін қызметкер үшін қауіпті немесе бұзылу қауіпі болса, құралдар мен жабдықтар сынса, сынақтар тоқтатылуы мүмкін, сондай-ақ сынақтар есептемесінде тіркелуі керек.

4.1.9 Сынақтар нәтижелерін бағалау

4.1.9.1 Сынақтар нәтижелерін бағалау сыналатын үлгінің отқа төзімділігінің нақты белгіленген шегі бойынша жүргізіледі.

4.1.9.2 Кабель жолдарының үлгісі үшін отқа төзімділігінің шегі 4.1.2 бойынша шекті жағдайлардың бірі басталу сәті бойынша анықталады .

4.1.9.3 Кабель жолдарының отқа төзімділігі шегінің белгісі нормаланатын шекті жағдайлардың шарттық белгілерінен және минутпен осы шекті жағдайлардың (уақыты бойынша бірінші) біріне жетудің тиісті уақытына сәйкес цифрлардан тұрады.

4.1.9.4 Отқа төзімділігі шегінің белгісіндегі цифрлік көрсеткіш мынадай қатарлы сандардың біріне сәйкес болуы керек: 15, 30, 45, 60, 90, 120, 150, 180, 240, 360.

4.1.9.5 Кабель жолдары үлгісінің отқа төзімділігі шегін белгілеуде сынақтар нәтижелері 4.1.9.4 бойынша сандар қатарынан жақын аз шамаға келтіреді.

4.1.9.6 Нақты жоба бойынша дайындалған кабель жолдарында жобамен белгіленген кесіп өтетін өртке қарсы бөгеттердің отқа төзімділігі шегінен төмен емес болуы керек.

4.2 Кабель жолы құрамында күш кабельдері жүктемесінің рұқсат етілетін ұзақ тогын төмендету коэффициентін анықтау жөніндегі сынақ әдісі

4.2.1 *Сынақтар әдісінің мәні*

Нормативтік техникалық құжаттама құрамында жүктеменің рұқсат етілетін ұзақ тогын төмендету коэффициентін анықтау жөніндегі сынақтар актісі (хаттамасы) жоқ бітеу материалының қалыңдығы 200 мм кабель жолдары 4.2 бойынша сынақтарға салынады.

Сынақтар әдісінің мәні кабель жолы құрамында ($К_{Т.Н}$) 2 % аспайтын күш кабельдері жүктемесінің рұқсат етілетін ұзақ тогын төмендету коэффициентін анықтаудан тұрады.

Коэффициент ($К_{Т.Н.}$) олардың артық қызуын және оқшаулаудың алдын ала бұзылуын жою мақсатында оттан қорғайтын құраммен өңделген күш кабельдері өткізгішіне жүктеме токтарын төмендету қажеттілігі мен дәрежесі анықталады.

4.2.2 Сынақтарды жүргізу шарттары

Сынақтар:

а) 10 °С тан 30 °С дейін қоршаған орта температурасында;

б) 40 % тан 80 % дейін ауаның салыстырмалы ылғалдығында;

в) 84 тен 106 кПа дейін атмосфералық қысымда жүргізіледі.

4.2.3 Сынақ жабдығы мен өлшеу құралдары

Отқа төзімділікке сынақтарды жүргізу үшін мыналар қолданылады:

а) 0 °С тан 800 °С дейін өлшеу ауқымымен, және дәлдік класы 0,1 артық емес температураларды тіркеуге арналған құрал;

б) 0 °С тан 800 °С дейін өлшеу шегімен, дәнекерлеу диаметрі (0,5 ± 0,1) мм артық емес термоэлектродтармен ТХА типті термоэлектрлік қайта құрғыш ГОСТ 6616 бойынша;

в) 0 тан 300 А дейінгі шектерде токты қоюға мүмкіндік туғызатын, режимді қою және ұстау қателігі 1 А артық емес электр тогының реттелетін көзі;

г) өлшеу ауқымы 0 тан 600 А дейін өлшеу ауқымынен, және дәлдік класы 0,5 артық емес ток күшін өлшегіш.

4.2.4 Сынақтар үлгілері

4.2.4.1 Дайын бұйым түрінде сынақтар үшін дайындаушымен (жеткізушімен) ұсынылатын кабель жолдарының үлгілерінде кабель жолдары ортасына (бітеу материалының қалыңдығы бойынша) кабель тарамына салынған термоэлектрлік қайта құрғыштар болуға тиіс.

4.2.4.2 Жинақтау орнында дайындалған кабель жолдары үшін бітеу материалы мен құрастырылған термоэлектрлік қайта құрғыштары бар кабельдер мен бітемелерді

дайындаушы (жеткізуші) үлгілерді іріктеу актісімен және нормативтік техникалық құжаттамасымен бірге жеткізеді.

4.2.5 Сынаққа дайындық

4.2.5.1 Сынақтарды дайындауға дейін дайындалған үлгілер кабель жолдары беттерінің механикалық ақаулары жоқтығына сыртқы қарау арқылы тексеріледі.

4.2.5.2 Сынақтар алдында тексерілген үлгілер (20 ± 5) °С температурада 3 с кем емес ұсталады.

4.2.6 Сынақтарды жүргізу

ГОСТ 30331.1 бойынша қорек көзін реттеп қоршаған орта температурасын есепке алып, кабельдің нақты маркасы үшін рұқсат етілген ұзақ тогының I_0 нормаланған мәні белгіленеді, сонымен кабельдің ток жүргізетін тарамының температурасы тіркеледі.

Егер температура кабельдің осы маркасы үшін нормаланған шамадан аспаса, жүктеменің рұқсат етілген ұзақ тогын төмендету коэффициенті бірге тең қабылданады.

Егер температура кабельдің осы маркасы үшін ГОСТ 30331.1 бойынша нормаланған шамасынан асса, онда I_1 тогы анықталады, ондайда тарам температурасы қателегі ± 1 °С, ГОСТ 30331.1 бойынша нормаланған шамасына тең болады.

4.2.7 Сынақтар нәтижелерін бағалау

4.2.7.1 Рұқсат етілген ұзақ токты төмендету коэффициенті $К_{Т.Н.}$, % (1) бойынша анықталады.

$$К_{Т.Н} = \frac{I_1}{I_0}, \qquad (1)$$

мұнда I_0 - кабельдің (сымның) осы маркасы мен қимасы үшін рұқсат етілген ұзақ токтың нормаланған мәні ГОСТ 30331.1 бойынша;

I_1 – ток күші, онда белгіленген режимде кабельдің (сымның) ток жүргізетін тарамындағы температурасы ГОСТ 30331.1 бойынша нормаланған мәніне сәйкес.

4.2.7.2 Егер күш кабельдері жүктемесінің рұқсат етілген ұзақ тогын төмендету коэффициенті 0,98 кем емес болса, кабель жолы сынақтан өтті деп саналады.

4.3 Отқа төзімділікке шинасым жолын сынау әдісі

4.3.1 Сынақтар әдісінің мәні

Сынақтар әдісінің мәні шинасым жолының үлгісіне стандартты температуралық режим бойынша бір жақты жылу әсері басталуынан бастап, 4.3.2 сәйкес отқа төзімділігінің шекті жағдайының бірі басталуына дейінгі уақытты анықтаудан тұрады

4.3.2 Шекті жай-күйі

Отқа төзімділікке шинасым жолдарын сынау кезінде мынадай шекті жай-күйлер болады:

а) бітеу материалының жылытылмайтын бетіне 140 °С артық температураның жоғарылау салдарынан жылу оқшаулағыш қабілетін жоғалту (I);

б) бітеу материалы құрылымында толассыз тесіктер мен жарықтар пайда болу нәтижесінде бітеу материалының тұтастығын жоғалту (Е), олар арқылы жылытылмайтын бетіне жану және тұтану өнімдері өтеді;

в) 180 °С тұратын жылытылмайтын аумақта (Т) шинасым қабығы қызуының сыни температурасына жету.

4.3.3 Сынақтарды жүргізу шарттары

Егер дайындаушының (жеткізушінің) нормативтік техникалық құжаттамасында сынақтарды жүргізудің басқа шарттары белгіленбесе, сынақтар 5 °С тан 40 °С-қа дейін қоршаған орта температурасында жүргізіледі.

4.3.4 Сынақ жабдығы мен өлшеу құралдары

Сынақтарды жүргізу үшін 4.1.4 бойынша сынақ жабдығы мен өлшеу құралы қолданылады.

4.3.5 Температуралық режим және пештегі қысым

4.3.5.1 Отқа төзімділікке шинасым жолын сынау кезінде пештегі температуралық режим ГОСТ 30247.0 талаптарына сәйкес болуы керек.

Пештегі температуралық режимді құрамдастырылған жылумен құруға болады: электркыздырғыштардан бөлінетін сәулелену және реттелетін газ жанарғысынан жылу бөлінуі. Сыналатын үлгіге жанарғы жалынының тікелей әсері рұқсат етілмейді.

4.3.5.2 Сынақтарды жүргізу кезінде пештің іші мен сыртындағы қысымның ауысуы (12 ± 3) Па тұруы керек.

4.3.6 Сынақтар үлгілері

4.3.6.1 Сынақтар үлгілері құрылымға шинасым монтажының нұсқаулығына сәйкес бітеу материалымен құрылымға монтаждалған, ұзындығы 0,8 ден 1,5 м дейін шинасым жиынтығы секцияларының кесігі болып табылады.

Шинасым жолы құрылымының өлшемдері шинасым көлеміне байланысты қойылады.

4.3.6.2 Шинасым жолын бітеу материалы жанғыш емес материалдан орындалуы керек.

4.3.6.3 Шинасымдардың көлденең немесе тік жолдары бір үлгіде сыналады. Тік орналасқан кезінде үлгілердің сынақ нәтижелері тік кезіндегі және кері сынақтар нәтижелеріне таралмайды.

4.3.6.4 Шинасымдардың әмбебап жолдары тік және көлденең жағдайларында екі үлгілерде сыналады.

4.3.7 Сынақтарға дайындық

4.3.7.1 Дайындалған үлгілер механикалық ақаулар жоқтығына сыртқы қарау арқылы тексеріледі.

Сынақ алдында тексерілген үлгілер 3 с кем емес (20 ± 5) °С температурада ұсталады.

4.3.7.2 Пеш құрылымындағы үлгілерді бекіту және тығыздау нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес орындалады.

4.3.7.3 Шинасым жолының қабығында, жылытылмайтын аумақта, термоэлектрлік қайта құрғыштар бітеу материалынан 5 мм көп емес қашықтықта екі перпендикуляр беттеріне қойылады.

Шинасымның сыртқы жағында жерлендіру шиналары болған кезде, оларға термоэлектрлік қайта құрғыш бітеуден 5 мм артық емес қашықтықта қойылады.

4.3.7.4 Шинасым жолының бітеу материалына, жылытылмайтын аумақта, термоэлектрлік қайта құрғыштар бір ден кем емес термоэлектрлік қайта құрғышты бітеу материалы периметрінің әр 500 мм, бірақ екіден кем емес қойылған кезде бітеу материалының сыртқы бетіне қойылады.

Термоэлектрлік қайта құрғыштар бітеу материалының алаңы бойынша біркелкі орналасуға тиіс.

4.3.7.5 Барлық термоэлектрлік қайта құрғыштар көрсеткіштері бойынша сынақтар басталуға дейін 5 мин артық емес уақыт қалғанда пештегі және шинасым жолдарының үлгісінде температураның бастапқы мәндері тіркеледі.

4.3.8 Сынақтарды жүргізу

4.3.8.1 Сынақтар басталуы электрқыздырғыштар мен пештегі газ жанарғысы қосылу сәтіне сәйкес.

4.3.8.2 Тұтастығын жоғалту тампон көмегімен ГОСТ 30247.0 бойынша анықталады.

Тампон салмағы 3 тен 4 г дейін, өлшемі $((100 \times 100 \times 20) \pm 2)$ мм жиектеме жалын немесе жану өнімдері өтетін жерлерге жақындатылады, және 10 с ішінде үлгі бетінен (20 ± 5) мм қашықтықта ұсталады.

Тампон жылтырап бықсу пайда болуға немесе тұтануға дейін сынақ басталу уақыты тұтастықты жоғалту белгісі бойынша шинасым жолының отқа төзімділігінің шегі болып табылады.

Жылтырап бықсусыз немесе тұтанусыз тампонның күюі есепке алынбайды.

Тампонды қайта пайдалануға болмайды.

4.3.8.3 Сынақтар процесінде:

а) пештегі температур, °С;

б) пештегі қысымның құбылуы, Па;

Ескертпе – Бақылаудың әр нүктесінде температура мен қысымды өлшеу 2 мин артық емес аралықта жүргізілуге тиіс.

в) шинасым мен бітеу материалы қабығының қызу температурасы;

г) пайда болу уақыты, мин, үлгіде толассыз тесіктердің (саңылаулардың) даму сипаттамасы, олар арқылы пештен жалын және (немесе) жанғыш газдар үлгінің жылытылмайтын жағына өтуі мүмкін;

д) мақта тампонның тұтану (жылтырап бықсу) уақыты, мин.

4.3.8.4 Көлденең типті шинасым жолдары үшін артық қысым пеш құрылымы биіктігінің үш ширегіне тең биіктікте өлшеніп бақыланады.

Тік типті шинасымның жолдары үшін қысым пеш құрылымының жылытылатын бетінен (100 ± 10) мм қашықтықта өлшеніп бақыланады.

4.3.8.5 Сынақ 4.3.2 бойынша шекті жай-күй басталуға дейін жүргізіледі.

4.3.8.6 Егер шинасым жолы құрылымы үшін ұсынылған уақытта шекті жай-күйге жету мүмкін болмаса, онда сынақтарды отқа төзімділігінің нақты шегін табуға дейін жалғастыруға болады.

4.3.8.7 Егер сынақтар нормаланған шекті жағдай басталуға дейін аяқталса, онда аяқталу себебі сынақтар есептемесінде көрсетілуі керек. Бұл жағдайда шинасымның отқа төзімділігі шегінің шамасы сынақтарды жүргізу уақыты болып табылады.

4.3.8.8 Егер қызмет көрсететін қызметкер үшін қауіпті немесе бұзылу қауіпі болса, құрылдар мен жабдықтар сынса, сынақтар тоқтатылуы мүмкін, сондай-ақ сынақтар есептемесінде тіркелуі керек.

4.3.9 Сынақтар нәтижелерін бағалау

4.3.9.1 Сынақтар нәтижелерін бағалау сыналатын үлгінің отқа төзімділігінің нақты белгіленген шегі бойынша жүргізіледі.

4.3.9.2 Кабель жолдарының үлгісі үшін отқа төзімділігінің шегі 4.3.2 бойынша шекті жағдайлардың бірі басталу сәті бойынша анықталады.

4.3.9.3 Шинасым жолдарының отқа төзімділігі шегінің белгісі нормаланатын шекті жағдайлардың шарттық белгілерінен және минутпен осы шекті жағдайлардың (уақыты бойынша бірінші) біріне жетудің тиісті уақытына сәйкес цифрлардан тұрады.

4.3.9.4 Отқа төзімділігі шегінің белгісіндегі цифрлік көрсеткіш мынадай қатарлы сандардың біріне сәйкес болуы керек: 15, 30, 45, 60, 90, 120, 150, 180, 240, 360.

4.3.9.5 Кабель жолдары үлгісінің отқа төзімділігі шегін белгілеуде сынақтар нәтижелері 4.3.9.4 бойынша сандар қатарынан жақын аз шамаға келтіреді.

4.3.9.6 Нақты жоба бойынша дайындалған шинасым жолдарында жобамен белгіленген кесіп өтетін өртке қарсы бөгеттердің отқа төзімділігі шегінен төмен емес болуы керек.

5 Сынақтар нәтижелерін ресімдеу

5.1 Сынақтар нәтижелері бойынша сынақтарды жүргізу есептемесі бойынша ресімделеді.

5.2 Сынақтарды жүргізу есептемесінде мынадай ақпарат болуға тиіс:

а) сынақтарды жүргізген ұйымның атауы мен мекенжайы;

б) дайындаушы ұйым атауы мен мекенжайы;

в) сынақтардың жүргізілген күні;

г) техникалық құжаттама шифры көрсетіліп, бұйым атауы, тауар белгісі мен үлгі таңбалауы;

д) бұйымның ЭҚТ ТН коды;

е) сынақтар әдісін қамтитын стандарттау жөніндегі нормативтік құжат белгісі;

ж) тапсырыс беруші ұсынған үлгі сипаттамасы, сызбасы (нобайы);

к) үлгіні дайындау кезінде қолданылатын материалдардың техникалық сипаттамалары туралы деректер;

л) монтажы бойынша нұсқаулық;

м) сынақтарды жүргізу шарттары;

н) сынақ жабдығы және өлшеу құралдары туралы мәліметтер;

п) пеш камерасындағы қысым мәні;

р) фотоматериалдарды қоса салып сынақ процесінде алынған деректер;

с) сынақтар нәтижелерін бағалау;

т) үлгінің отқа төзімділігінің нақты шегі;

у) отқа төзімділік шегінің белгісі;

ф) орындаушылардың лауазымы, А.Ж.Т.

6 Қауіпсіздік талаптары

6.1 Кабель жолдары мен шинасым жолдарына сынақтарды жүргізу кезінде ҚР СТ 1295, ГОСТ 12.1.004, ГОСТ 12.2.003 және ГОСТ 30247.0. белгіленген қауіпсіздік және өндірістік санитария талаптары сақталуға тиіс.

6.2 Сынақтар жүргізілген жерлерде «Сынақ жүргізілуде!» түсіндіру жазбасымен ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 талаптарына сәйкес «Назар аударыңыз. Қауіпті» ескерту жазбалары болуы, сондай-ақ нұсқаулықтар мен қауіпсіздік ережелері ілініп тұруы қажет.

6.3 Сынақтарды жүргізу алдында пештегі үлгінің бекітілу сенімділігі, сондай-ақ аспаптар мен тиісті жабдық тексеріледі.

ӘОЖ 621.315.687 **МСЖ 29.120.10** **ЭҚТ ӨЖ 27.32.13**

Түйінді сөздер: ойықтарды толтыру, кабель жолдары, шинасым жолдары, өртке қарсы бөгеттер, отқа төзімділік, сынақ әдістері

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Заполнение проемов противопожарных преград

ПРОХОДКИ КАБЕЛЬНЫЕ И ПРОХОДЫ ШИНОПРОВОДОВ

Методы испытаний на огнестойкость

СТ РК 3017-2017

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН Акционерным обществом «Научно-исследовательский институт пожарной безопасности и гражданской обороны» Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан

ВНЕСЕН Комитетом по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 01 ноября 2017 года № 297-од

3 Разработан с учетом национального стандарта Российской Федерации ГОСТ Р 53310–2009 «Проходки кабельные, вводы герметичные и проходы шинопроводов. Требования пожарной безопасности. Методы испытаний на огнестойкость»

4 В настоящем стандарте реализованы нормы законов Республики Казахстан от 9 ноября 2004 года № 603-II «О техническом регулировании», от 11 апреля 2014 года № 188-V «О гражданской защите», технического регламента таможенного союза 004/2011 «О безопасности низковольтного оборудования», технических регламентов Республики Казахстан «Общие требования к пожарной безопасности», «Требования к безопасности зданий и сооружений, строительных материалов и изделий»

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2022 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

«Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок - в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Заполнение проемов противопожарных преград

ПРОХОДКИ КАБЕЛЬНЫЕ И ПРОХОДЫ ШИНОПРОВОДОВ

Методы испытаний на огнестойкость

Дата введения 2019-01-01

1 Область применения

Настоящий стандарт распространяется на проходки кабельные и проходы шинопроводов, предназначенные для заполнения (заделки) проемов в местах прохождения линий передачи и распределения электрической энергии через противопожарные преграды зданий (сооружений), и устанавливает методы испытаний на огнестойкость.

2 Нормативные ссылки

Для применения настоящего стандарта необходимы следующие ссылочные нормативные документы:

СТ РК 2.4–2007 Государственная система обеспечения единства измерений Республики Казахстан. Поверка средств измерений. Организация и порядок проведения.

